

привлечения материалов с исторической центальноазиатской прародины усуней, расположенной на территории современного Китая.

В целом можно отметить, что в советский период эволюция взглядов в рассматриваемом контексте происходила посредством уточнения датировки памятников археологии, совершенствования методики сопоставления данных письменных источников и археологических исследований. Также рассмотренная проблематика органически вписывается в широкую дискуссию между автохтонной и миграционной теориями происхождения культур и народов СССР.

Использованная литература

1. Археология Семиречья. 1857-1912 гг. Сборник документов и материалов. Алматы, 2011.
2. Воеводский М.В., Грязнов, М.П. У-суньский могильник на территории Киргизской ССР: К истории у-суней // ВДИ. №3. 1938 .
3. Тереножкин А.И. Рец. на статью: Воеводский М.В., Грязнов М.П. У-суньский могильник на территории Киргизской ССР (ВДИ. 1938. №3) // ИУзФ АН СССР. Сер. обществ. наук. №2. 1941.
4. Бернштам А.Н. Археологический очерк Северной Киргизии. Фрунзе, 1941
5. Акишев К.А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963.
6. Заднепровский Ю.А., Кожомбердиев И.К. Кочевники в VI в. до н.э. - середине VI в. н.э. История Киргизской ССР. Фрунзе, 1984, т. 1.
7. Заднепровский Ю.А. Об этнической принадлежности памятников кочевников Семиречья усуньского периода II в. до н.э. - V в. н.э. // СИНВ. 1971 , т. 10
8. Заднепровский Ю.А. К истории кочевников Средней Азии кушанского периода // ЦАКЭ. 1975., Т. 2
9. Бернштам, А.Н. Основные этапы истории культуры Семиречья и Тянь-Шаня // Советская археология. 1949 ., XI
10. Агеева Е.И. К вопросу о типах древних погребений Алма-Атинской области // ТИИАЭ АН КазССР. 1961, Т. 12
11. Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алтая // МИА. 1952., №26.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРІК ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ КЕЗЕҢІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Әлкей Е.А., г.ғ.м., бөлім меңгеруші

Қарағанды облысы «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ

Әділбаев А.М., г.ғ.м., ғылыми қызметкер

Қарағанды облысы «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ

Шохатаев О.С., а.э.м., аға оқытушы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Еуразияның дала қоғамдастығының ортағасырдағы тарихы көне түркі мемлекеттерінің құрылымының (VI ғ.) шығуынан басталады. Қазақстанның ортағасырлар тарихы VI-XIII ғасырлардың басындағы мемлекеттік құрылымдардың монғол шапқыншылығын, ұлттық мемлекет ретінде қазақ халқының және Қазақ хандығының құрылуын сол кездегі территориядағы мемлекеттік қоғамдастықтардың оқиғаларын зерттейді.

Қазіргі Қазақстан даласында ерте ортағасырлар кезі (VI-XII ғғ.) этногилдік және саяси жағдайларға байланысты. Бұл кезде түркі тілдес халықтар этникалық және саяси жағынан да басым болды. Азия даласының шығыс бөлігіндегі оқиғалар өзгерістерге себеп болды. VI ғасырдың ортасында тайпалардың мемлекеттік қауымдастығы, түрік атымен аталған – ұлы Түрік қағанаты пайда болды. Түріктер әскери жорықтарға шығып, аз уақыт ішінде өздерінің билігін көрші территорияларға: Қиыр шығыста Манчжурияға дейін, Оңтүстік Сібірде Енисей бастауларына дейін, Орта Азияда Амудария бастауларына дейін, Қара теңіз жағалауында Керч бұғазына дейін таратты. Кең дала империясы VII ғ. Шығыс Түрік қағанаты және Батыс Түрік қағанаты болып бөлінді. Батыс түрік мемлекетінің құрамына Орта Азия, Жоңғар және Шығыс Түркістанның бөлігі енді. Сарыарқа да Батыс Түрік қағанатының шегінде болды. Осылай, Батыс Түрік қағандарының қол астына

тұрғылықты да және көшпелі де халықтар енді. Жетісуда VII ғ. түркеш мемлекеті, VIII ғ. карлұк мемлекеті, ал X ғ. қарахан мемлекеттері пайда болды.

Көне түрік өркениетінің ерекше жетістігінің бірі өздерінің жазулары болғандығы. VI-VII ғғ. Орта Азияның түркі тілдес тайпаларының, оның ішінде Түрік қағанатының құрамына енген Қазақстан, сонымен бірге Төменгі Еділ, Дон жағалауы, Хазар мемлекетін құрған Солтүстік Кавказ тайпалары өздерінің жазуларын қолданды. Түріктер белгілерді кішкене тақтайларға түсіріп отырды. Елшілерге арнайы грамоталар берілді. Мысалы, 558 жылы Константинопольге келген түрік елшісі император Юстинге қағаннан «сақ жазуымен» жазылған жолдау әкелді [1, 90]. Көп өтпей VII ғ. бірінші жартысында түрік ортасында соғды жазуы негізінде 38 белгіден тұратын геометриялық кескінді жаңа жазу пайда болды. Ол жазу ағашта немесе таста ойып жазуға өте қолайлы болды [2, 3-13 бб.].

Алғаш рет көне түркі жазуын XVIII ғ. 20-жылдары Енисей жазығында I Петрдің қызметшісі, неміс оқымыстысы, Д. Мессершмидт және оның атқосшысы, тұтқындағы швед офицері И. Страленберг ашты. Скандинавтық руналық жазуға ұқсас болғандықтан, түркі жазуын «руналық» деп атады. Бұл атау ғылымда қалып қойды. Одан кейін басқа ашылымдар шықты. 1889 ж. даниялық оқымысты В. Томсен әліпби кілтін тауып, алғашқы мәтіндерді жауабын тапты. Түркілердің руналық жазуларының ескерткіштері Енисейден басқа Монғолияда, Жетісуда, Шығыс Қазақстанда, Төменгі Еділ жағалауында, Дон жағалауында, Солтүстік Кавказда табылды. Олардың ішінде ерекше әйгілілері Білге қағанға қойылған ескерткіш және Күлтегіннің ағасы қолбасшы (732-735 жж.) Тоныкөк ескерткіші.

Руналық түркі жазуы тұрмыста көп қолданылып XI-XII ғғ. толығымен бір жола қолданыстан шықты. Ғалымдардың ойынша Түркілердің ислам дінін қабылдағаннан кейін, оны араб жазулары кеңінен таралып, ығыстырып шығарды [3, 78-84 бб.].

Қазақстанның далалы жерлерінде Сырдария мен Балқаштан солтүстікке қарай VIII-ғасырдан бастап орталығы Ертісте болған қимақтар күшейе түседі. Қимақ билеушісі түріктің ең жоғары атағы – «қағанды» қабылдайды. X ғ. ғалымы әл-Хорезми былай дейді: «Хақан – түріктердің негізгі патшасы. Хақан – көсемнің көсемі, парсылардағы шаханшах, яки хандардың ханы деген сөз». Қағанның ұлы, Жанақ ибн Хақан әл-Кимеки (X-XI ғғ.) атты адам кітап жазып, оны кейін XII ғасырда араб географы әл-Идриси қимақ елін сипаттаған еңбегінде пайдаланады. Араб ғалымы өз еңбегінде қимақтардың қалаларда тұратын, жеке билігі бар билеушілерінің болғанын жазады. Бұл кезде қимақ мемлекетінің ықпалына қыпшақ тайпалары да енді [4, 77-80 бб.]. I мыңжылдықтың соңындағы осы тайпалардың рөлін С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов былайша сипаттайды: «VIII-X ғасырларда алдымен Алтайда, Ертіс өңірі мен Шығыс Қазақстанда, кейін Орал өңірі мен Орталық Қазақстанда қимақтар мен қыпшақтардың үстемдігі осындай үлкен далалық өңірдеге анықтаушы факторға айналды» [5, 109-110 бб.]. XI ғасырдан бастап өлкедегі билік қыпшақтарға өтеді. Осыдан былай Еділден (Итиль, Волга) Алтайға дейінгі жерлер парсы-араб тілді әдебиеттерде Дәшті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) деп аталып кетеді. Қыпшақ дәуірі басталып, қыпшақ тілі диалектісі таралады. Кейін, Еділдің аржағындағы Қара теңіз жағалауларына дейін қыпшақ тайпалары қоныс тебеді. Сондықтан, қазіргі ғылымда Қазақстан территориясын Шығыс Дәшті Қыпшаққа жатқызады. XIII ғасырда моңғол шапқыншылығы барысында (оған моңғол да, түрік тайпалары да қатысқан) қыпшақ мемлекеті құласа да, қыпшақ тілі орныға түсіп, жаулап алушылар тіліне айналып, одан да әрмен тарала түседі.

Шығыс Сарыарқаның әр жерлерінен көне түріктер мен қыпшақтарға тән археологиялық ескерткіштер табылған.

Азиядағы көне түрік ескерткіштеріне тән ерекшелік – адамды атымен жерлеген обалар мен ғұрыптық қоршаулар болып табылады. Ескерткіштің осындай түрлері Сарыарқадан да табылған.

1957 жылы М.Қ. Қадырбаев Тоқырауын өзені бойындағы Егізқойтас сайындағы (Ақтоғай ауданы) VI-VII-ғасырларда адамды атымен жерлеген обаны зерттеді. Жерлеу тереңдігі 2 метрге жуық үлкен қабірде (2,10 x 1,90 м) атқарылған. Адам сүйегі қабірдің солтүстік бөлігінде, жылқынікі оңтүстік бөлігінде орналасқан. Мүрдені шалқасынан жатқызып, басын шығысқа қаратқан. Оның жақ сүйегінің жанында садақ оғының жебесі, кеудесінде қабық қорамсаның қалдығы табылған. Қорамсаны ілуге арналған темір шығыршық кара-жасыл жібектен жасалған белбеуге бекітілген. Осы жібек белдіктің іліп қоятын тас бұйымы мен белбеудің қоладан жасалған тоғасы сияқты қалдықтары табылған. Марқұмның сол қол саусақтары тұсында темір пышақ болды. Марқұммен о дүниеге бірге барады деп саналатын құрбандыққа шалынған аты нөқта-жүген кигізіліп, ерттеліп жатқызылған қалпында жерленген. Жылқы денесімен батысқа қаратылғанымен мойны солтүстікке қарай бұрылып

қойылған. Адам мен жылқы сүйегінің арасында о дүниелік азық – қой санының сүйектері жатыр. Қабір топырақ, таспен көміліп, үстіне диаметрі 7 м, биіктігі 0,60 м тас оба тұрғызылған [6, 25-27 бб.].

А.З. Бейсенов және Д.А. Қожақов Қарқаралы ауданының Тоқтар ауылында тағы да бір VI-VIII ғғ. атымен бірге жерленген адамның зиратын қазды [22, 43-45 бб.]. Қабірдің ішкі жағында қуыс бар, ол қабірдің қабырғасының бойымен қазылған. Жасөспірімнің қалдықтары тар қуыста жатыр, басы оңтүстік-шығысқа қаратылған. Басының астына тас «жастық» салған. Қуысқа кіре беріс жалпақ тастармен көлбеп жабылған. Бұл жерленген адамды қабырдың түбінде жатқан аттан бөліп тұрады. Аттың қаңқасы аяғын бауырына алып, төс жағымен солтүстік-батысқа қаратылған, яғни адамға қарама-қарсы жаққа. Алайда жылқының мойнын бұрап, оның басын кері бағытқа қаратқан. Жылқының оң бүйірінен темір тізгіннің бөлігі табылды. Қабыр жабылып, диаметрі 5 м-дей биік емес (15 см) таспен үйілген.

Бұл жерлеудің жылқымен ортағы көп: ол қорғанның астында, адаммен жылқы әр түрлі бағытта қараған, жылқының басын иесіне қаратып жерлеген. Жылқыны иесімен бірге жерлеуі көшпелілердің өмірінде өте маңызды рөл атқарған. IX ғ. Әл-Жахиз былай жазды: «Егер де сен Түркілердің өмір сүру уақытын және күндерін есептесең, олардың жер бетінде жүруден гөрі ат үстінде көп уақыт өткізгенін көрер едің». Жылқының жатысына қарап жерленген адам басқа дүниеде де өзінің әскери атына мінеді дегенді білдіреді.

Көне түрік дәуірінің табынушылық мағынасы бар археологиялық ескерткіштеріне жерлеудегі қоршаулар жатады. Олар ұзақ уақыт VI-IX ғғ. қолданылған. Көне түрік қоршаулары қайтыс болған ер адамға рәсім жасау үшін пайдаланған. Қоршау тікбұрышты құрылыс түрінде жасалған, қабырғалары тігінен енгізілген таспалардан тұрады. Таспалармен қоршалған аумақ тастармен толтырылған. Қоршаудың жанында қайтыс болған адамның тас мүсіні немесе тас баған тұрғызылған. Бұл тас баған бетімен шығысқа қаратылған. Кейде олардан тас бағандар қатары кетеді. Бұл бағандар ғылыми әдебиеттерде балбалдар деп аталады. Бұрынғы уақытта балбал тастар қазылып орнатылған, ал енді олар құлатылған. Біраз ғалымдар қатары балбал тастарды өлтірілген жаулар деген. Тағы да балбалдар жерлеу рәсіміне қатысқан тайпалар және рулардың өкілдері қойған деген пікір бар.

Бірінің жанында бірі орналасқан кішігірім топтардан тұратын көне түрік қоршаулары кездеседі. Қарқаралы ауданындағы Қопа өзенінің жағалауында солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған бес қоршаулар қатары табылды. Л.Н. Ермоленко оңтүстік шетіндегі үш қоршауды зерттеді [7, 7-9 бб.]. Қазба жұмыстары барлық үш қоршаудың шығысында тас мүсін немесе тас баған болғанын көрсетті. Тас мүсіннің сынығында бауға ілінген қылыштың суреті кескінделген. Осындай бау арқылы қару белбеуге бекітілген. Қоршаудың орта жағында, тас үйінділерінің астында шұңқырлар болды. Солардың бірінде діңнің қалдығы табылды. В.Д. Кубаревтың пайымдауынша көне түрік қоршауларына құрбандыққа шалынған малдың (жылқының) терісі ілінген ағаш көмілген деген. Үш қоршаудың жандарынан да құрбандыққа шалған малдардың күлдері мен сүйектерінің қалдықтары көрінеді. Бағандар орналасқан шұңқырлар қоршаулардың сыртында да табылды. Бұндай, өлшемдері 2,50 x 2,40 м болатын шұңқырлар оңтүстік жағынан үшінші қоршауда көбірек кездесті. Сегіз шұңқырдың кейбіреулерінің қабырғаларының бойынан ағаш қалдықтары табылған. Осыған қарап, қоршау бағандар және ұзын ағаштармен қаланған бір құрылыстың бөлшегі болуы мүмкін деп айтуға болады.

Бұрыннан зерттеушілерді Шығыс Сарыарқаның Көнетүрік тас мүсіндері қызықтырады. Бұл ескерткіштерді Ә.Х. Марғұлан, Л.Н. Ермоленко және Ж.К. Құрманқұлов зерттеген. Көнетүрік дәуіріндегі тас мүсіндер адамдардың келбетін әр-түрлі бейнелейді. Кейбір тас мүсіндер адамның басын ғана бейнелесе, кейбірлері адамның бейнесін белге дейін немесе толық бейнелейді. Жартылай немесе толық бейнелерде қаруы бар немесе оң қолына ыдыс ұстаған қарусыз адам бейнеленген. Сол қолын қылышта немесе қаруды бекіткен белбеуде ұстаған. Ерте түрік мүсіндерінде бет келбетінде мұрты бар монғол типтес адамдар бейнеленген, көптеген жағдайларда ердің оң қолында сусын бар, ал қылышты қару белбеуге бекітілген. Айбынды қаһарманның бетінен ашудың белгілерін табуға болады: көздері үлкен, адырайған, кеңсірікте жалғасқан қастар ашулы кейпін білдіріп отыр. Түрік халқының батырлар эпосын тындап, батыр өз ерліктерін қатты ызамен жасалғанын айтады деуге болады. Осындай бейнелеуге қарап, көне түріктердің ержүрек болғанын байқауға болады.

Сарыарқа тас мүсіндерінің бейнеленулері әртүрлі. Мүсіншілердің шеберлігіне байланысты дөрекі немесе нәзік тас мүсіндер болып бөлінеді. Алайда, барлық мүсіндерде көне түрік адамдарының келбеті бейнеленетіндіктен құнды. Тас мүсіндердегі шаш қою үлгілері, киімдері, сәндік бұйымдары және тағы да басқа заттары шынайы көрсетілген. Мысал ретінде Ақтоғай ауданындағы Сона қыстағына жақын жерде табылған батырдың мүсінін айтуға болады [8, 36 б.]. Тас мүсін 4 x 4 м өлшемді қоршауда орналасқан және одан шығысқа қарай балбал тастар қатары кеткен.

Бұл қатардың ұзындығы 130 м шамасында. Жауынгердің келбетінде ашудың белгілері көрінеді, мұрынын әсірелеп, қалың мұрттың астында аузы ашылыққырап көрсеткен. Сол құлағына сырға ілінген. Кеуде тұсында киім жағасы бейнеленген сияқты. Оң қолында сусынына арналған қолы бар ыдыс ұстаған. Сол қолын қылышта немесе қаруды бекіткен белбеуде ұстаған.

Жауынгер бейнеленген кейбір тас мүсіндерде шашы жеті өрімге өріліп, беліне дейін түсіп тұр [9, 38 б.]. Киім киісіне, шаш қоюына қарап, көне түріктер бейнеленген деп пайымдауға болады.

Шығыс Сарыарқадағы қыпшақ ғибадатханалары IX-XIII ғғ. басына жататын қыпшақ дәуіріні көрсетеді. Бұл ескерткіштер қоршаудағы тас мүсіндері бар ежелгі түрік тас мүсіндері тәрізді табыну орнына арналған ғимараттар болғанға ұқсайды. Ақтоғай ауданындағы Жіңішке өзенінде қыпшақ ғибадатханасының бірнеше түрі кездеседі.

Ермоленко Л.Н. және Құрманқұлов Ж.К. қазба жұмыстарына дейін қорған түрінде болған ғибадатханаға зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қорғанның орта жағындағы үйінділерде тас мүсіндердің бастары көрініп тұрған. Қазба жұмыстары үйіндінің астында өлшемі 5,60 x 5,80 м қоршаудың бар екенін көрсетті. Қоршау жалпақ тастардан салынған. Оның ені 1,60 м, биіктігі 0,50 м болды. Алғашында қоршау тұйықталған болды. Қоршаудың ішкі жағында бес тас мүсін тұрды. Олар екі қатарда: екі мүсіннің бастары шығысқа, ал үшеуінікі солтүстік-шығысқа қарап тұрды. Табыну рәсімі біткеннен кейін, қоршау үстін топырақпен үйген.

Содан кейін ғибадатхананы қайталап пайдаланған. Үш тас мүсінге бару үшін қоршау ішінен жол салынған, оның алдындағы алаң тазартылып, шұңқыр қазылған. Шұңқырдағы от орындары мен жылқының сүйектері, құрбандық шалынғанының дәлелі. Ғибадатхананың қалған бөлігі үйінді астында. Олардың біреуі боялған екенін байқатады – мұнда сары, қызыл, қарамен салынған алжапқыш болған.

Басқа түрдегі Қарқаралы ауданы Абылай қыстағының жанында Л.Н. Ермоленко қазған. Ғибадатхана екі қорған тәрізді ғимараттан тұрады – шығыс және батыс. Шығыстағы ғимараттың өлшемі 4,50 x 4,50 м болатын қатты қираған тұйық қоршау. Оның қабырғаларының ені 1,25 м. Қоршау ішіндегі шұңқырда бес тас мүсін орнатылған. Тас мүсіндер екі қатарға орналасқан. Олардың үшеуі бетімен шығысқа, ал екеуі – оңтүстікке қаратылған. Батыс бөліктегі ғимарат өлшемі 11,50 x 13 м бұзылған тас үйінді түрінде. Тас үйінділердің арасынан өлшемі 6,50 x 6,50 м болатын шаршы түріндегі құрылыс көрінеді.

Павлодар облысы Баянауыл ауданының территориясы Бірлік ауылының жанында А.З. Бейсенов және Д.А. Қожақов Абылай ғибадатханасына ұқсас ескерткішкі қазды. Ғимараттың шығыс қоршауындағы шұңқырдың түбінен жанған ағаштың қалдықтары табылды. Зерттеушілер бұл жерде ағаштан жасалған мүсіндер тұрған деп болжайды [10, 31-32 бб.].

Алғашқыда бұл табылған мүсіндер үйінділер астында болды. Сонымен қатар Сарыарқада мүсіндер жер бетінде орналасқан қыпшақ ғибадатханалары да бар. Шығысқа беттері қаратылған бір немесе бірнеше мүсіндері бар қорған түріндегі ғибадатханалар жиі кездеседі.

Ақтоғай ауданындағы Ұшқатты қыстағы жанындағы ғибадатхана өлшемі 6 x 8 м болатын қорған тәрізді. Оның шығыс жағында беті шығысқа қаратылған тас мүсін орнатылған [11, 31 б.]. Ақтоғай ауданының Беғазы тауындағы қорған тәрізді ғибадатхананың шығыс жағында қатарласқан үш мүсін тұр. Олар беттерімен шығысқа қарап тұр. Шығысқа қарай тас мүсіндерден тас бағандар қатары тізбектелген [12, 63 б.]. Осындай ғибадатханаға Ұлытау ауданының Айыршоқы тауында Л.Р. Қызласов қазу жұмысын жүргізді.

Шет ауданындағы қыпшақ ғибадатханасы өзіндік ерекшелігі бар ескерткіш болып табылады [13, 15-16 бб.]. Олар солтүстік-оңтүстік қатарлар болып салынған және жан-жағынан терең емес ор қазылған. Ғимараттар қыраттар болып көрінеді, беттерінде тастар қаланған. Тас қалаулардың өлшемдері 3,50 x 3,50 м және 3 x 3 м. Қаланған қоршалған алаңдарда мүсіндер ашық тұр. Екі мүсін оң жақтағы ғимаратқа тиісті. Олардың біреуі бетімен шығысқа, екіншісі солтүстікке қаратылған. Солтүстік жағындағы ғимаратта бетімен шығысқа қараған мүсін бар.

Қыпшақ ғибадатханалары көне түрік ғибадатханаларынан құрылысы жағынан ғана ерекшеленбейді. Егер қоршау жанында бір ғана мүсін болса, онда ғибадатханада саны әртүрлі-біреуден бесеуге дейін мүсіндер болады. Қыпшақ дәуіріндегі мүсіндер көне түрік мүсіндері тәрізді адамның басын немесе толық кескінін (белге дейін және толық) бейнелеген.

Алайда қыпшақ дәуіріндегі ғибадатханалар көне түрік ғибадатханаларынан өзгеше, оларды шатастыру мүмкін емес. Қыпшақ дәуірінің мүсіндері екі қолында сусыны бар адамдарды бейнелеген, көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, осындай мүсіндер бабаларды көрсеткен. Егер көне түркі мүсіндері сусынды кеуде-деңгейінде «ұстап тұрса», қыпшақ мүсіндері-«қарында». Қыпшақ мүсіндерінде қару-жарак, бетіндегі ашу белгісі ешқашан көрсетілмегенмен, әйел жынысының (кейде

ер жынысының) белгілері ерекшеленіп көрсетілген. Қыпшақ тас мүсіндерімен XI-XIII ғғ. далалық мүсіндерімен ұқсастықтарын Қаратеңіз жазығынан көруге болады. Қыпшақ тас мүсіндерінен екі қолында сусыны бар адамдарды бейнелеген.

Бұдан да басқа ұқсастық қыпшақ тас мүсіндері мен далалықтардың мүсіндерінде де кездеседі. Далалық тас мүсіндерді қорғандардың беткі жағына және қорғандардың шұңқырларында да орнатылған. «Жасырын» далалық ғибадатханаларда ағаш мүсіндер кездеседі. Бұл сәйкестік тегін емес себебі далалықтар олар XI ғ. Қара теңіз жағалауын қоныстанған қыпшақ тобының көшіп кеткен топтарының тікелей ұрпақтары.

Орталық Қазақстанның ортағасырлар тарихын археологиялық ескерткіштерді қарастырмай, зерттеуге болмайды. Бүгінгі күнге дейін олар аз зерттелген, арнайы және ауқымды далалық жұмыстар жүргізілген жоқ. Ерте түрік және қыпшақтардың қорымдары мен табыну ғимараттарын зерттеу жұмыстары Ұлы Даланың этникалық картасын жасауға септігін тигізеді және де ата-бабамыздың тұрмысы мен салт-дәстүрін көруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ескерткіштерді зерттеп қана қоймай оларды қорғау керек.

Археологиялық ескерткіштер: тас дәуірі тұрақтары, Беғазы дәуірінің кесенесі қорғау шараларын ұйымдастыруды, ал ортағасырлар ескерткіштері әсіресе тас мүсіндер ерекше назар аударуды талап етеді. Адамдар қасақана ескі қорғандарды бұзбайды. Сарыарқаның көп тас мүсіндері басқа жаққа алынып кетіп, жоғалып кеткен, ал көбі құлатылып қиратылған. Археологиялық қазбаларға дейін тас мүсіндердің орындарын ауыстыруға рұқсат етілмейді. Тас мүсіндер ерте түрік қоршаулары және қыпшақ ғибадатханаларының ғимараттарымен байланысты. Басқаша айтқанда тас мүсіндер мен ғимараттар бір тұтас – олардың тұтастығын бұзуға болмайды. Археологтар қазып алған тас мүсіндері бар ғимараттар сол жерде қайта өңделгені дұрыс. Тас мүсіндер мың жылдан астам уақыт Далада бабалар ескерткіші ретінде тұрғандықтан, олар ландшафтың бір бөлігі болып кеткен. Тарихи ландшафт ортасындағы өткен мәдени мұраны сақтау біздің міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. История Казахстана, Т. 1, 1996. 90 б.
2. Лившиц В. А. О происхождении древнетюркской рунической письменности. //Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. А., 1980. 3-13 б.
3. Лившиц В. А. Согдийцы в Семиречье: лингвистические и этнографические свидетельства. /Красная речка и Бурана. Фрунзе, 1989; 78-84 б.
4. История Казахстана, Т. 1, 1996. 77-80 б.
5. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб., 2000. 109-110 б.
6. Кадырбаев М.К. Памятники кочевых племен Центрального Казахстана (7 в. до н.э. - 6 в н.э.): дисс. ... канд. ист. наук. Л.: ЛО ИА АН СССР, 1959. 25-27 б.
7. Бейсенов А.З., Кожакоев Д.А. Средневековые памятники Центрального Казахстана // История и археология Семиречья. А., 2001. 43-45 б.
8. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск, 2004. (приложения в соавт. с Ж.К. Курманкуловым).
9. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск, 2004. (приложения в соавт. с Ж.К. Курманкуловым).
10. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск, 2004. (приложения в соавт. с Ж.К. Курманкуловым).
11. Бейсенов А.З., Кожакоев Д.А. Средневековые памятники Центрального Казахстана // История и археология Семиречья. А., 2001. 31-32 б.
12. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск, 2004. (приложения в соавт. с Ж.К. Курманкуловым).
13. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск, 2004. (приложения в соавт. с Ж.К. Курманкуловым).